

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мерзімді баспасөз саласындағы ынтымақтастығы жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 15 наурыз N 397

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_ заң күші бар Жарлығының 16-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мерзімді баспасөз саласындағы ынтымақтастығы жөніндегі келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Неофициальный
перевод

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мерзімді
баспасөз саласындағы ынтымақтастығы туралы
КЕЛІСІМ

Ресми бекітілген мәтін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мерзімді
баспасөз саласындағы ынтымақтастығы туралы

КЕЛІСІМ

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкімет өкілдері (бұдан былай -
Екі жақ),

Достастыққа қатысушы мемлекеттерде болып жатқан оқиғаларға олардың халықтарының дәстүрлі мүдделерін ескере отырып,

Екі жақтың аумағында өндірілетін мерзімді баспасөз өнімдерінің таралуына, кеңінен және еркін айырбасы үшін жағдай жасау қажеттілігін ескере отырып,

жалпылама мойындалған халықаралық құқық нормаларына сәйкес, Екі жақтың аумағында өндірілетін баспа өнімдеріне өз азаматтарының теңқұқықты және еркін қол жеткізу, ақпараттар алмасу тұрғысында әмбебап принциптерге жүгінетіндіктерін білдіре отырып,

1996 жылы 18 қазанда Достастықтың үкімет басшыларының Кеңесінің шешімімен бекітілген, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ақпараттық кеңістігін қалыптастыру Тұжырымдамасының ережелерін ескере келе,

1992 жылғы 9 қазандағы ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді және 1995 жылғы 10 ақпандағы кітап баспасы, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді назарға ала отырып, төмендегідей мәмлеге келісті:

1-бап

Екі жақ алдағы уақытта келісімге қол қоюшы жақтардың өзара дәстүрлі байланыстарын нығайту, азаматтардың мерзімді басылымдарды тұтынуын қанағаттандыру мақсатында мерзімді баспа өнімдерімен алмасу және оларды тарату саласындағы ынтымақтастықты дамытады.

2-бап

Екі жақ өз азаматтарының жалпылама мойындалған халықаралық құқық нормаларына және ұлттық заңдарға сәйкес, осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде

басылатын мерзімді басылым өнімдеріне еркін және теңқұқылы қол жеткізуіне кепілдік береді.

3-бап

Екі жақ осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде басылатын мерзімді басылым өнімдерімен екі жақты немесе көп жақты келісімдер негізінде алмасады және таратады, саяси, экономикалық, мәдениет және ғылыми өмірге байланысты, сондай-ақ осы Келісімге қатысушы мемлекеттер халықтарының тілінде жарияланатын мерзімді басылымдар қызметі туралы материалдарды өзара жариялауға және аударуға көмек көрсетеді.

4-бап

Екі жақ осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде басылатын мерзімді басылым өнімдерімен өз кітапхана қорының толығуы үшін шаралар қабылдайды.

5-бап

Әрбір екі жақ өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде басылатын мерзімді басылымдарды таратумен айналысатын құрылымдардың жұмыстарына, оның ішінде оларға салық, кеден және өзге де жеңілдіктерін беру жолымен оңтайлы жағдай жасауға ұмтылады.

6-бап

Екі жақ мерзімді басылым өнімдерін өндіруде жаңа ақпараттық технологияны пайдалануда бір-біріне ықпал жасайды, өндірісте техникалық шешімдерді бірдей сәйкестікке бейімдеуге, халықаралық тұрғыда танылған үлгі есебімен мерзімді басылым өнімдерін таратуға және беруге шаралар қабылдайды.

7-бап

Екі жақ мемлекеттің қатысуымен мерзімді басылым саласында, сондай-ақ өзге де ынтымақтастық үлгідегі біріккен кәсіпорындар қызметін құруға ықпал жасайды. Ынтымақтастықтың нақты үлгісі олардың шаруашылық субъектілері немесе Екі жақтың өзара келісімдерімен реттелетін болады.

8-бап

Екі жақтың өкілетті органдары осы Келісімнің орындалу барысы туралы ақпараттармен және мәліметтермен тұрақты алмасады.

9-бап

Осы Келісімді қолдануға және өзінше қабылдауға байланысты туындаған келіспеушіліктер мүдделі Екі жақтың келіссөздері және өзара кеңесулері жолымен шешуге рұқсат етіледі.

10-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен принциптерін мойындайтын кез келген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

11-бап

Осы Келісімге Екі жақтың жалпы келісімі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Екі жақтың бірі келісілген мерзімнің бітуіне алты ай қалғанда келісімді тоқтату жөнінде жазбаша түрде ескерту арқылы осы Келісімнен шығуы мүмкін.

13-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жыл мерзімге жасалынады. Егер Екі жақтың бірі оны тоқтату жөнінде ешқандай шешім қабылдамаса, осы Келісім шартты түрде келесі 5 жылдық мерзімге тағы да ұзартылады.

14-бап

Осы Келісім барлық қажетті ішкі мемлекеттік шараларды орындау туралы

оған қол қоюшы Екі жақтың үшінші жазбаша ескертулері депозитарийін сақтауға берген күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті шараларды кештеу орындаған Екі жақ үшін, ол сақталуға тиісті құжаттарды өткізген күннен бастап күшіне енеді.

1999 жылы 4 маусымда Минск қаласында түпнұсқасы жалғыз данадан тұратын орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Атқару комитетінде сақталып, осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның мақұлданған көшірмесі жіберіледі.

Әзірбайжан Республикасы

Үкіметі үшін

Армения Республикасы

Үкіметі үшін

Молдова Республикасы

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясы

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасы

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасы

Үкіметі үшін

Грузия

Үкіметі үшін

Түркменстан

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы

Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасы

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасы
Үкіметі үшін

Украина
Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК